

Ақтөбе қаласы білім бөлімі
Әдістемелік кабинет
«Дария-М» ЖШС «Авиатор» МДҮ



«17» 09 2021 ж

БАҒДАРЛАМА

«Зерттеуші балақай»
Мектепалды даярлық тобы

Ақтөбе – 2021 ж.

Бағдарлама негізі: Қаженбаева А.Е. Бала танымын ойынмен дамыту. /А.Е.Алдабергенова. Бала мен балабақша. – 2002. - №1., Балалар энциклопедиясы М.,1997ж., Г.Наменгенова. «Ойын балаларды тәрбиелеу және дамыту құралы» Бала мен балабақша. 2013ж.

Құрастырған: Кеулімжаева Г.К.

«Зерттеуші балақай» бағдарламасы «Авиатор» МДҰ-нда педагогикалық кеңесте талқыланды.

Хаттама №1

31 тамыз 2021 ж

«Зерттеуші балақай» бағдарламасы қалалық эксперттік комиссия отырысында келісілді және бекітілді.

Хаттама № 1



«17» 09 2021 ж.

Эксперттік комиссия төрайымы:

Қосымбаева М.О.

**«Авиатор» МДҰ -ның тәрбиешісі
Кеулімжаева Гүлнұр Мұратқызының мектеп алды даярлық тобына
арналған**

**«Зерттеуші балақай!» атты бағдарламасына
Пікір**

«Авиатор» МДҰ-ның «Зерттеуші балақай» вариативтік бағдарламасы мектеп алды даярлық топ балаларының жас ерекшелігі ескеріле отырып құрастырылған. Балабақшадағы тәрбиенің мақсаты – табиғатты аялап, оны қамқорлыққа алып күту, табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдарды негізге алған. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру арқылы эстетикалық талғам негіздерін қалыптастырады. Баланың қоршаған табиғатқа қызығушылығын қалыптастыра отырып, адамгершілік тәрбие берудің жолдары қарастырылады. Табиғаттың гажайып құбылыстарымен таныстырып, олардың мән-мәнісін ұғындыру арқылы балаларды жан-жақты тәрбиелеуге, баланың қабылдауын, зейінін, ойын, тілін дамыттыруға бағытталады. Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғи ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйретіп, табиғат жайлы ұғымдарын қалыптастырады. Ал серуен кезінде, тәрбиеші табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су құю, қураған жапырақтарды бірге жинау, ағаш түптерін тазалау т.б сияқты қарапайым еңбек түрлеріне үйретеді. Мұндай еңбек түрлерін орындау, балалардың еңбекке деген жауапкершілік сезімдерін дамытып, ынтасын арттырады.

Бағдарлама мазмұнында көрсетілгендей өлі және тірі табиғатпен таныстырып, табиғат құбылыстары жайындағы бастапқы жалпылама ұғымдарды нақты түрде меңгерту ұсынылады. Жыл мезгілінің ерекшелігіне орай табиғат құбылыстарын (жаңбырдың жаууы, адамдардың пайдалы іс-әрекеті, ауладағы жапырақтарды жинау, жылы жаққа ұшатын құстарды бақылау т.б) зерттеу, бақылау ұсынылады.

Бағдарлама 36 сағат тақырыпты камтиды, аптасына -1 сағат жүктемемен өткізіледі.

Пікір беруші:

Қ.Жұбанов атындағы АӨУ

Педагогика факультеті

Психологиялық-педагогикалық

Және арнайы білім беру

Кафедрасының меңгерушісі

п.ғ. докторы, профессор



Туребаева К.Ж.

Құрастырған: Кеулімжаева Г.М.- «Авиатор» МДҰ балабақшасының әдіскері.

Түсінік хат

Мектепке дейінгі кезең баланың әлеуметтік жеке тұлға болып жедел даму кезеңі. Бала ақыл – ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, танымдық іс – әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге есте сақтау ойлау, елестету, танымдық, шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленетін балаларды еркін әңгімелесуге, ұқыпты тыңдаушы және әңгімеші болуға үйрету болып табылады. Бала әңгіме кезінде нақты тақырыптан ауытқымай, басты тақырыпты түсіне білуін қадағалау керек. Өз ойын сыртқа шығарарда белгілі бір тәртіпке сүйеніп, бастапқы айтқанын ұмытып қалмай, шатаспай, өз ойын толық жеткізуді үйреткен жөн. Мұндағы тақырыптар әр түрлі. ұсынылған тақырып бойынша әр баланың өз көзқарасы қалыптасып, мол тәжірибе алады, әрі есінде қалады. Әңгімелердің бәрі баланың тек сөйлеуін ғана жетілдіріп қоймай, сонымен қоса қоршаған әлеммен танысуын тереңдете түседі.

Бағдарламаның негізгі мақсаты: Айналадағы табиғаттың әсемдігін байқау, болып жатқан өзгерістерді түсініп, бағалау.

Бағдарламаның алдына қойған міндеттері:

- Балаларды қоршаған ортаны қабылдауға үйрету;
- Оқу іс әрекетінде және бос уақытта алған білімін жүйелеу әрі бекіту;
- Өз ойын қарапайым түрде нақты, анық және түсінікті етіп жеткізе білу;
- Басқалардың әңгімесін тыңдай және түсіне білу;

Бағдарламаның өзектілігі: Баланың білімін тексеру емес, баланың көзқарасымен, сезімімен алмасу, өз ойын, сөзін жеткізе білу. Ізденіс сұрақтар арқылы баланың мәселені дербес шешуіне ынталандыру, тәжірибесі мен біліміне сүйене отырып өз ойын жүйелеу. Мұндай әңгіме барысында балалар үлкендерге өз ойларын ашық, еш қысылмай жеткізуге болатынын түсінеді.

Күтілетін нәтиже

- Балалар қоршаған орта мен қоғамдық өмірдегі құбылыстар, олардың арасындағы байланыстар мен қатынастар, адамның әлемдегі орны, табиғат

пен оның құбылыстары, өсімдіктер мен жануарлар туралы білімдерін байытады.

- Дұрыс сөйлем құрай білуі, сөздік қоры, тіл байлығы артады, сюжетті әңгімелер құру қабілеті дамиды;
- Әңгімелеуші адамды шыдамдылықпен тыңдай білу;
- Өз қатарластарының ойымен санаса білу;

Тақырыптық жұмыс жоспары

Мектеп алды даярлық топ

№	Тақырыбы	Бағдарлама мазмұны	Сағ Саны
1	«Бұл қай кезде болады?»	Балалардың жыл мезгілдеріне байланысты білімдерін анықтау және әрі қарай дамыту.	1
2	«Теректің жапырақтарын жинайық» ойыны	Теректің түсі бойынша жапырақтарды жинап табуға үйрету.	1
3	«Күзгі табиғат құбылыстары.»	Балаларға күзгі табиғат құбылыстары туралы түсіндіру. Жаңбыр және салқын ауа райы туралы халық болжамдарын айтып ұғындыру	1
4			1
5	Жануарлар-біздің көмекшілеріміз	Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін жүйелеу. Үй жануарларының адамдармен байланысы мен тәуелділігі жайында және пайдасы туралы түсініктерін кеңейту. Үй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
6	Мысық	Үй жануары -мысық тіршілігімен таныстыру. Балалардың танымдық ой- өрісін кеңейту. Жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
7	Дала жануарлары	Балалардың дала жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Ойын әсерелеп жеткізуге баулу. Орман тұрғындарына сыйлы көзқарастарын тәрбиелеу.	1
8	Ақ аю	Ақ аюдың тіршілігімен таныстыру. Өз ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландыру. Танымдық қызығушылықтарын тәрбиелеу.	1
9	Қоңыр аю	Аюлардың тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Қоңыр аюдың тіршілік ортасы және қоректенуімен таныстыру. Танымдық қызығушылықтарын тәрбиелеу.	1
10	Қасқыр	Қасқырдың тіршілік ортасымен таныстыру. Балаларды ойландыру арқылы нәтижеге жету, ізденуге дағдыландыру. Дала жануарларына сыйлы көзқарастарын тәрбиелеу.	1
11	Түлкі	Түлкінің тіршілік ортасымен таныстыру. Аңдардың кейбір ерекшеліктерін салыстыра айтуға, ажыратуға үйрету. Дала жануарларына сыйлы көзқарастарын тәрбиелеу.	1
12	«Табиғат құбылысы»	Күз мезгілінің соңғы айы. Сұрақ-жауап арқылы білімдерін тиянақтау. Адамдардың еңбегін бағалай	1

		білуге тәрбиелеу.	
13	Қыс келді!	Қыс несімен қызықты. Қардан сырғанақ жасау, түрлі бейнелер жасап, қызықты ойындар ойнауға үйрету	1
14	Жарғанаттар	Қоршаған орта туралы білімдерін әрі қарай дамыту. Жарғанаттардың тіршілігі туралы түсінік беру. Өз ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.	1
15	Қосаяқ	Балалардың дала кеміргіштері туралы білімдерін кеңейту. Қосаяқтың тіршілік ортасымен таныстыру. Балалардың тыңдай білу қабілетін дамытып, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
16	Құндыздар	Дала жануарлары туралы білімдерін кеңейту. Құндыздар және олардың тіршілік ортасы туралы түсінік беру. Қоршаған ортаны сүюге тәрбиелеу.	1
17	Құстардың бәрі ұша алама?	Құстарға тән ерекшеліктерді ажырата білу қабілеттерін дамыту. Ұша алатын және ұша алмайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.	1
18	Шырпы	Балаларға шырпы туралы түсінік беру. Адам өміріне қауіп төндіретін заттар туралы білімдерін кеңейту. Оттан қорғануға, өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауға тәрбиелеу.	1
19	«Аспандағы қонақтар: қар бүршігімен таныстыру»	Қардың қасиетімен таныстыруды жалғастыру, (суық, ақ, кіртілдек), судың әр түрлі қасиеті туралы түсініктерді қалыптастыру, логикалық ойлауды, сөйлеуді дамыту, ой-өрісін кеңейту, танымдық қызығушылықты талаптандыру; білімге құмарлықты, балалармен сөйлеу мәдениетін, ақ ниетті болуға тәрбиелеу;	1
20	Пайдалы қазба - көмір	Пайдалы қазбалар, олардың алыну жолдары жайлы түсінік беру. Қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету. Танымды қызығушылық пен табиғатқа деген жақсы қатынасты тәрбиелеу.	1
21	Пайдалы қазба - мұнай	Пайдалы қазбалар, олардың алыну жолдары жайлы түсінік беру. Қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету. Танымды қызығушылық пен табиғатқа деген жақсы қатынасты тәрбиелеу.	1
22	Қар ериді, су болады (тәжірибие жасау аударуға үйрету).	Қоршаған айналаны бақылауды жалғастыру, мұздың суға айналуына назар аудару. Судың күйінің түрлі қалыпта болатыны туралы ұғым қалыптастыру.	1
23	Пластмасса - ағаш	Балаларды жасанды материал – пластмассамен таныстыру. Оның қасиетімен сапасы туралы түсінік беру. Пластмассаның адам өміріндегі пайдасы туралы айту. Таным қабілеттерін кеңейтіп, мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу.	1

24	Электр құралы -үтік	Тұрмыстық техника құралымен таныстыру. Тұрмыстық заттардың неге арналғаны туралы білімдерін кеңейту. Үтік және оның пайдасы туралы түсінік беру. Танымдық қызығушылығын тәрбиелеу.	1
25	Электр құралы - компьютер.	Компьютер туралы түсінік беру, оның пайдалану ережелерімен таныстыру. Қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету. Танымдық қызығушылығын тәрбиелеу.	1
26	Ғарыш	Ғарыш әлемі жайлы түсінік беру. Ғарыш әлемі және оның құпия сырларына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Ғарышкерлерге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу.	1
27	Күн мен Ай	Ай мен Күн туралы түсінік беру. Ай мен Күннің пайдасы, қасиеті, маңызы туралы білімдерін дамыту. Бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.	1
28	Дала	Далада кездесетін жануарлардың, жәндіктердің, құстардың табиғаттағы рөлі мен маңыздылығы туралы түсінік беру. Маусымдық өзгерістердің белгілерін сипаттау. Табиғатты аялауға, туған жерін сүюге тәрбиелеу.	1
29	«Көктемнің белгісі»	Балаларды көктемдегі өзгерістерді бақылауды түрткі болу; ауа райы қандай екенін тауып алуды жалғастыру; көктемнің кейбір ерекшеліктерімен таныстыру; көктемдегі ауаның әдемілігіне назар аудару;	1
30	Саңырауқұлақ тар	Саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтармен таныстыру. Саңырауқұлақтарды жинау кезінде абай болуға тәрбиелеу.	1
31	Емдік өсімдіктер	Балаларды емдік өсімдіктермен таныстыру. Емдік өсімдіктердің адам өмірінде алатын орны бойынша әңгіме өткізу. Емдік өсімдіктерге деген қамқорлы қатынасты тәрбиелеу.	1
32	Бақбақ	Бақбақ гүлімен және оның қасиеттерімен таныстыру. Қоршаған ортамен өсімдіктер арасындағы өзара байланыс туралы түсінік беру. Табиғаттың әсемдігін сезініп, бағалай білуге тәрбиелеу.	1
33	Жидектер	Орман сыйлары -жидектер туралы түсініктерін кеңейту. Өз ойын жеткізе білуге үйрету. Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге тәрбиелеу.	1
34	Біз еңбекқор баламыз!	Бақша айналасындағы жас ағаштарға су құйып, қарауға табиғатты аялауға дағдыландыру.	1
35	Адамдардың	Адамдардың тұрағы туралы білімдерін кеңейту.	1

	тұрағы	Танымын кеңейтіп байланыстырып сөйлеуге үйрету. Мейірімділікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.	
36	Жазғы орманда	Балалардың орман туралы ұғымдарын кеңейту. Ағаш түрлерімен таныстыру. Орманда өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу.	1
		Барлығы	36

Пайдаланылған әдебиеттер.

- 1.Бүлдіршіндермен қызықты әңгімелер. Әдістемелік құрал.- Көкшетау: «Келешек -2030»
- 2.Лучич М. В. Балаларға табиғат туралы. – 1989ж
- 3.Мен және айналадағы табиғат.Экологиялық білім негіздерін беруге бағытталған оқу- тәрбиелік іс- шаралар кешені.- Көкшетау: 2030
4. Байқампаздар әлеміне саяхат.Г.Н.Долженко.Аруна паспасы, 2007 ж
- 5.Балабақша мен отбасы. №11.-2012 ж 9-10 б,28 б
6. Байқампаздар әлеміне саяхат Г.Н.Долженко. Аруна баспасы,2007ж
- 7.Біз мектепке барамыз. Әдістемелік құрал М.А.Тирская
8. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы, Алматы – 1981 жыл
9. Журнал «Балабақша» 2009 жыл
10. Балабақшадағы балалардың тілін дамыту әдістемесі, Алматы – 1985 жыл
11. Қаженбаева А.Е. Бала танымын ойынмен дамыту. /А.Е.Алдабергенова. // Бала мен балабақша. – 2002. - №1.
12. Балалар энциклопедиясы М.,1997ж
- 13.Г.Наменгенова. «Ойын балаларды тәрбиелеу және дамыту құралы» Бала мен балабақша. 2013ж.